



Алхан Бóкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 3 (8032) 16 қаңтар, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Мәулен Әшімбаев: ҚР Парламенті Сенатының төрағасы

Ықпалды Парламент – Әділетті Қазақстанның кепілі

Бұған дейінгі мақаламызда Президент реформаларының маңызына кеңінен тоқталып, орталықсыздандыруды өңірлерді дамытуға жол ашатын кілт ретінде атаған едік. Шын мәнінде, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елімізді жаңғырту бастамасы шамадан тыс орталықтандырылған басқару үлгісін біртіндеп жойып, қоғамның пікірі мен мүддесі ескерілетін барынша теңгерімді бәсекелес жүйеге көшуді көздейді. Сурет Ақорда Осы орайда Мемлекет басшысының алдағы уақытта бір палаталы Парламент құру туралы ұсынысы уақытылы әрі орынды жасалған қадам екенін атап өткен жөн. Менің ойымша, бұл ұсыныс өкілді институттарды күшейтуге, биліктің жеке тұлғалардың қолына шоғырлану қаупін азайтуға және саяси плюрализм кеңістігін кеңейтуге бағытталған жалпы жаңғырту трендімен үндеседі.

СИНГУЛЯР НҮКТЕ

Биыл Қазақстан Парламентіне 30 жыл толады: 1996 жылғы қаңтарда жаңа сипаттағы биліктің заң шығарушы тармағының бірінші шақырылымдағы алғашқы сессиясы өтті. Осы жылдар ішінде ұзақ жол артта қалып, өкілді демократияның заманауи институты қалыптасты. Бұл меже жай мерейтой ғана емес. Бұл – әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне сәйкес келген тарихтың маңызды кезеңі. Кез келген халықтың немесе елдің дамуындағы шешуші кезеңде бетбұрыс факторы болады. Дәл сол фактор ұлттың болашақ тағдырына ықпал ететін елеулі өзгерістерге жол ашады. Қазақстан үшін мұндай кезең ретінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың егемендік жолында қазақ руларының басын біріктіру туралы шешімін айтуға болады. Ал қазір ондай сәт ретінде отыз жылдан астам уақыт бойы еліміздің даму бағытын айқындап келген президенттік басқару формасын таңдауды атап өтуге толық негіз бар. Бетбұрыс факторы деп белгілі бір тарихи мәні бар уақыт кезеңін айтып отырған жоқпыз. Ол – сингуляр нүкте, яғни кейін ұлттың қалыпты өмір салтын өзгертетін негізгі трансформация сәті. Бұл қоғамда эмоция серпілісін тудыратын тосыннан болған оқиға немесе биліктің түптің түбінде жаңа өмір шындығын қалыптастыра отырып, басқа салаларда айтарлықтай шешуші өзгерістерге алып келетін әрекеттер тізбегін іске қосатын саналы шешімі болуы мүмкін. Әрине, жүйелі және бәрін қамтитын сипатқа ие бұл өзгерістер әрдайым мемлекеттің жалпы даму логикасынан туындайды. Президент реформаларының траекториясын ескерсек, тарихымыздың қазіргі сәтінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пропорционалды жүйе негізінде қалыптасатын бір палаталы Парламентті – Әділетті Қазақстан құру жолындағы шешуші кезең ретінде мемлекеттік билік жүйесіне енгізу туралы бастамасы келесі бетбұрыс факторы болады деп топшылауға толық негіз бар. Мемлекет басшысының жуырда Turkistan газетіне берген сұхбатында

бұл бастаманы тағдыршешті қадам деп атауы кездейсоқтық емес. Жалпы, бұл парламенттік реформа – 2019 жылы басталып, билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу, партияларды тіркеуді жеңілдету, парламенттік оппозицияны енгізу арқылы саяси бәсекелестікті институттандыра отырып, Парламенттің рөлін күшейтуге бағытталған саяси трансформацияның заңды жалғасы. Сондықтан Мемлекет басшысы жоғары өкілді биліктің бұл реформасы алдыңғы өзгерістердің, соның ішінде президенттік билік реформаларының қисынды жалғасы болатынын атап өтті. Осы тұрғыдан келгенде, бір палаталы Парламентке көшу

биліктің жаңа форматының конституциялық жолмен бекітілуі саяси жүйені трансформациялаудың негізгі кезеңін бөліп көрсететін өзіндік символикалық мәнге ие шекара болмақ. Бұл «техникалық» реформаларды, жалпы, транзиттік кезеңді аяқтаудың және Әділетті Қазақстанның барынша ашық, бәсекелі, теңгерімді билік құрылымына қарай жасалған шешуші бетбұрыстың маңызды саяси белгісі бола-ры анық.

АЛҒА ҚАДАМ ЖАСАУ ӨТКЕНГЕ ОРАЛУ МА?

Бір палаталы Парламент құру 90-жылдардың басындағы Жоғарғы Кеңестің дәстүрлеріне қайта оралу деген сөз бе?





туралы ұсыныс – мемлекеттік басқаруды оңтайландырудың кезекті шарасы ғана емес, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасының негізіндегі ауқымды жаңғырту стратегиясының маңызды бөлігі. Модернизациялық өзгерістер логикасында Парламентке қатысты айтылған «ықпалды» анықтаушы мемлекеттік билік жүйесіндегі жаңа теңгерімнің пайда болатынын білдіреді. Ол бәсекелес партиялардың нақты саяси күші болатын тиімді тежеме мен тепе-теңдік жүйесін қамтамасыз етпек. Бұл аталған терминді нақты мазмұнмен толықтыра түседі. Осы орайда бір палаталы Парламент қалыптастыру Сенатты жай ғана қысқартып, Мәжілісті қазіргі форматында сақтап қалу дегенді білдірмейді. Бұл ретте палаталарды біріктіру мен өкілді биліктің мүлдем бөлек үлгісін, яғни формалды және формалды емес күштердің шамадан тыс әсер етуіне жол бермейтін саяси тепе-теңдіктің жаңа жүйесін қалыптастыру туралы сөз болып отыр. Өңірлерде партиялық және электоралдық қолдауға ие болған, заң шығару бастамасының ресурстары жинақталған және дербес мәслихаттарға арқа сүйейтін біріккен жаңа Парламент атқарушы биліктің ықпалды тепе-теңдігіне ғана емес, партиялық құрылысты жандандырудың және қоғамның құбылмалы сұраныстарына бейімделе білетін саяси жүйе тұрақтылығының негізгі факторына айналады. Жоғары өкілді

Бұл сұраққа жауап беру және «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» үштігі аясында Президент бастамасының қисынын түсіну үшін Қазақстандағы өкілді билік эволюциясына кеңінен зер салу қажет. Біз бұл жерде тарихқа тереңнен үңілмейміз. Өйткені Парламенттің Қазақ хандығы кезіндегі құрылтаймен тікелей сабақтастығын іздеу англо-саксондық витенагемотты Ұлыбритания Парламентінің прототипі ретінде қарастыру сияқты мардымды нәтиже бере қоймас. Жалпы, Ұлыбританияда ғана емес, бүкіл әлемде қазіргі түсініктегі парламентаризмнің алғашқы моделі I Эдуард Плантагенеттің тұрақты түрде шақырылатын Парламенті болды. Ол тарихқа Парламент үлгісі ретінде еніп, XIV ғасырда III Эдуард кезінде канондық түрде бекітілген екі палаталы модельдің бастауына айналды. Қазіргі Қазақстанға келетін болсақ, мұнда өкілді билік КСРО құрамында болған кезден бастау алады. Онда тарихи тұрғыдан әлемдік қалыптан айтарлықтай өзгеше өзіндік тәжірибе мен дәстүрлер қалыптасты. Билікті бөлу, парламентаризм және бәсекеге қабілетті демократия идеялары Ресей империясы халқының көпшілігіне Қазан төңкерісіне дейін де мүлдем жат болды. Ал одан кейін бұл ұғымдар тіпті дұшпандық дискурстың нышаны ретінде қабылданды. Сондықтан халыққа түсініктісі және жақыны халықтық биліктің алғашқы нысаны саналған Кеңестер болды. Олар жаппай ереуілдер

кезінде жұмысшылардың өз бетінше ұйымдасуының, содан кейін 1905 жылғы қарулы көтерілістің стихиялық формасы болғаны белгілі. Кеңестер сол кездегі билікке қарсы халық наразылығының агрегаторы ретінде өз күшін көрсетті және 1917 жылы бүлікші бұқараны біріктіруде басты рөл атқарды. Қазан төңкерісінен кейін олар «пролетариат диктатурасы мен кедей шаруалардың» бұқаралық органдарына айналды. Алайда шаруалар әлемінің қауымдасып, өз бетінше топтасуының бұл ежелгі моделі таптық жауға қарсы күресте шоғырландыру құралы ретінде өзін жақсы көрсеткенімен, мемлекетті жасампаздықпен басқаруға көшкен кезде бәсекелестікке төтеп бере алмады. Сондықтан Кеңестер билікті басып алуға ықпал еткенімен, қолында нақты ұстап тұра алмады және жақсы ұйымдастырылған партиялық бюрократия оны формалды қызмет етуге қарай ығыстырып тастады. Шындығында, Кеңестер билігі нышандық симулякрға, өздері атағандай, елдің саяси витринасына айналды. Кеңестер орталықтан басқаруға институционалдық тұрғыдан қабілетсіз болғандықтан осындай жағдай болды. Жергілікті Кеңестер электораты аумақтық округтерге бөлінді, ал елдегі ең жоғары билік органы деп жарияланған, «жалпыға бірдей, тең және тікелей дауыс беру арқылы сайланған» КСРО Жоғарғы Кеңесінің іс жүзінде нақты электораты да болмады және коммунистік партияның билік ресурсына сүйенуге мәжбүр болды. Ұлттық республикаларда да осы жүйе көшіріліп, қолдан жасалды. Осылайша, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ерекше есте қалған 1937 жылғы Конституция негізінде қалыптасты. Жүйе жетпіс жылға жуық уақыттан кейін, КСРО-ның дәурені өтіп, ыдырау алдында тұрған сәтте ғана өзгере бастады. Ғасырдың басындағыдай, 80-жылдардың екінші жартысында Одақта екі компоненттің жарылғыш қоспасының концентрациясы жинақталды: төмендегілердің бұрынғыдай өмір сүргісі келмеуі және жоғарыдағылардың өзгеріске әрі баршаға ортақ өмір сүру ережелерін ұсынуға қабілетсіз болуы. Орталық биліктің тұрақсыздығынан қалыптасқан қолайлы ортада тағы да бас көтерген Кеңестердің ұлттық республикаларда қайта жандануы осы сын-қатерге берілген жауап болды. 1990 жылы наурызда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне алғашқы балама сайлау өтті. Бұл қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы романтикалық кезең десек, артық бола қоймас. XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны, Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заң, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы сияқты маңызды құжаттарды қабылдап, соңында тұңғыш Президенттікке кандидатураны ұсынды. Алайда халықтың өмірін жақсартуға деген жалпы ұмтылысқа қарамастан, бұрынғы Кеңестерге тән барлық ерекшелікті сақтаған Жоғарғы Кеңес ескі ережелер жұмыс іс-

(Жалғасы 4-бетте).



**Ақтоғай аудандық мәслихатының
2025 жылғы 27 қарашадағы № 335 шешімі**

Актоғай ауылы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісінде 2025 жылы 28 қарашасында № 217510 жарияланған

Ақтоғай ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін.
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы Р.Абеуов.

**Ақтоғай аудандық мәслихатының
2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 364 шешімі**

Ақтоғай ауылы

«Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы №49 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Ақтоғай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы №49 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6455-09 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы Р. Абеуов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 26.12.2025
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізілімі № 37689 болып енгізілді.

**Решение № 335 Актогайского районного маслихата
от 27 ноября 2025 года**

село Актогай

Опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде от 28 ноября 2025 года №217510

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Актогайском районе

В соответствии Налогового кодекса Республики Казахстан, маслихат Актогайского района РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима на основе упрощенной декларации в Актогайском районе с 4% до 2%.
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель районного маслихата Р.Абевов.

**Решение № 364 Актогайского районного маслихата
от 23 декабря 2025 года**

село Актогай

О признании утратившим силу решения Актогайского районного маслихата от 27 июня 2023 года № 49 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Актогайском районе»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» Актогайский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Актогайского районного маслихата от 27 июня 2023 года №49 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Актогайском районе» (Зарегистрировано в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №6455-09)
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель районного маслихата Р. Абеуов.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 26.12.2025
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 37689 болып енгізілді.

**Дін – бірліктің діңгегі*

Зайырлылық - қазақ қоғамының рухани дамуының кепілі

Қазіргі жаһандану дәуірінде қоғамның тұрақты дамуы мен бірлігін сақтауда зайырлылық қағидатының маңызы ерекше. Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміз зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындалған. Бұл қағидат қазақ қоғамының рухани дамуы мен татулығының берік негізі болып табылады.

Зайырлылық – діннен бас тарту емес, керісінше әр азаматтың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететін, түрлі көзқарастар мен сенімдерге құрметпен қарауды көздейтін ұстаным. Ол мемлекет пен діннің ара-жігін нақты айқындап, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани құндылықтары зайырлылық қағидатымен

өзара үндес. Ата-бабамыз ғасырлар бойы дінді ұлтты ұйыстыратын рухани тірек ретінде бағалап, алайда оны қоғамдағы алауыздық пен бөлінудің құралына айналдырмаған. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен адамгершілік құндылықтар – зайырлы қоғамның рухани тірегі.

Бүгінгі таңда зайырлылық қағидатын нығайту – әсіресе жастар арасында дұрыс діни түсінік қалыптастырумен тікелей байланысты. Радикалды ағымдардың алдын алу, теріс идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру, ұлттық құндылықтар мен зайырлы көзқарасты қатар насихаттау – маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта Ақтоғай ауданында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, кездесулер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Зайырлы қоғамда әр азаматтың құқығы тең, заң үстемдігі қамтамасыз етіледі, білім мен ғылымға, мәдениет пен руханиятқа кен жол ашылады. Бұл – елдің өркендеуі мен болашақ ұрпақтың саналы, жауапты азамат болып қалыптасуының басты кепілі.

Қорытындылай келе, зайырлылық – қазақ қоғамының рухани дамуын қамтамасыз ететін, бейбітшілік пен келісімді нығайтатын маңызды құндылық. Оны сақтау және дамыту – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Зайырлы мемлекет қағидаттарын берік ұстану арқылы біз ұлттық бірлікті күшейтіп, тұрақты әрі жарқын болашаққа қадам басамыз.

**А. Қайрат,
Ақтоғай ауданы
ішкі саясат бөлімінің басшысы.**

Дала таңды қалай қарсы алады?

Алдымен тыныштық.
Сосын самал.
Содан кейін маңдай терін төккен адамның ізі...
Осы із – бір адамның ғана емес, бір дәуірдің ізі.
Қазақта «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөз бар. Бұл – жай айтылған нақыл емес, тұтас бір ұрпақтың өмірлік ұстанымы. Сол ұстанымды бар ғұмырымен дәлелдеп жүрген, бүгін торқалы тоқсан жасқа келіп, ұрпағының ортасында шүкір айтып отырған абыз ақсақал, бір дәуірдің куәсі – Бөріғұл Әубәкірұлы.



жаңбыр мен желге қарамай еңбек ету – нағыз ер азаматтың ісі болатын. Ол Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқанына белсене қатысып, ел қамбасын астыққа толтыруға

сып, ұжымға басшылық жасайды.. Мал азығын дайындау, егін егу, шөп шабу сынды науқандық жұмыстардың бәрінде өзі қоса еңбек етіп, үлгі көрсеткен. 1980 жылдан бастап №1 бөлімшенің меңгерушісі болып, 1995 жылға дейін ел сенімін ақтады. Бұл кезең – жауапкершілігі ауыр, бірақ нәтижесі мол жылдар болды, – деп ақсақал өткенге көз жүгіртіп терең тыныстады.

Жекешелендіру кезеңіндегі батыл қадам

1995 жылы елде жекешелендіру басталған тұста, «Бөріғұл» шаруа қожалығын құрып, көп

Даланың даналығы, еңбектің абызы



өз үлесін маңдай терін төгіп жүріп қосқан жан.

Механизатор – даладағы басты тұлға

1958–1975 жылдары Ақтоғай совхозының №3 бөлімшесінде механизатор болып еңбек еткен Бөріғұл Әубәкірұлы техника тілін жетік меңгерген, жұмысына тиянақты маман ретінде танылды. Қыстың

ойлана келе, елмен бірге тәуелсіз еңбектің жаңа жолына түсті. Бұл да – еңбек адамының заман талабына бейімделе білетіндігін көрсеткен қадам. 55 жасында Құрметті зейнеткерлікке шықты. Зейнеткер екенмін деп қала көшіп, бел аспады. Жиған-тергенін қара шаңырағында жинақтап балаларымен бірге нағыз ауыл шаруашылығының тасын өрге домалатуға белсене кірісті. Елге де, ұрпаққа да пайдасы тиді. Халықтың батасын алды. Бұл – адал еңбектің нәтижесі.

Отбасы – өмірдің ең үлкен байлығы

Менің кейіпкерім 1960 жылы Мақұлбекова Тәкіш анамызбен отау құрған. Бөріғұл ақсақал шаңырақтың берекесін еңбекпен бекітті. Жұбайы да ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмыстарды атқарып, отбасының тірегіне айналды. Ұл, қызды тәрбиелеп, барлығына «оқыңдар, еңбек етіңдер, адал



болыңдар» деген қағиданы сіңірді. Балаларын әртүрлі мамандыққа баулыды, ешқайсысын дайынға үйретпей, маңдай термен жетуге тәрбиеледі. Бүгінде олардың әрқайсысы – өз саласының иесі, елге пайдалы азаматтар. Немерелері де білімді, білікті маман болып өсіп келеді. Бұл – бір әулеттің ғана емес, тұтас қоғамның жеңісі.

Абыз ақсақалдың бүгінгі бейнесі

Бүгінде торқалы тоқсанға келіп, ұрпағының ортасында отырған Бөріғұл Әубәкірұлы – абыз ақсақал. Ол өткеніне тәубе етіп, бүгінгі бейбіт күнге шүкір айтады. Ақсақалдың әр сөзі – өмір сабағы, әр естелігі – тарих. Президентіміз: Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы мен еңбек адамы туралы: «Ауыл – ұлттың алтын бесігі. Ауылда еңбек еткен адам – елдің тірегі. Біз еңбек адамын әрдайым ардақтауымыз керек», – деген еді. Бұл сөздер Бөріғұл атаның ғұмыр жолымен толық үндес.

PS: Әубәкіров Бөріғұл ата – атақ үшін емес, ел үшін еңбек еткен азамат. Оның өмірі – адал еңбектің, отбасы бірлігінің, ұрпақ тәрбиесінің айқын үлгісі. Осындай абыздар барда ауылдың рухы биік, елдің іргесі берік. Ақсақал мерейжасыңыз құтты болсын, ұрпағыңызбен мың жасаңыз!

Гүлнар Елеусізова,
ҚР Ақпарат саласының үздігі.

Еңбекпен есейген балалық

1936 жылдың 3 қаңтарында Қарағанды облысы Қоңырат ауданына қарасты Сарытерек ауылында, «Казпотребсоюз» колхозында дүниеге келген ақсақалдың балалығы сол замандағы қиындықпен, еңбекпен қатар өрілді. Кейіпкер әңгімесіне сүйенсек, әкесі Ермекбайұлы Әубәкір ата – колхоздың қара жұмысын қайыспай атқарған еңбеккер, ал анасы Тәжіқызы Қанипа – таң азаннан, кеш батқанға дейін үй тірлігі, одан қалса колхоздың сиыр саууға да еңбек сіңірген жан екен. Ол кездің баласы ерте есейді. Еңбекке



араласып өскен Бөріғұл ата үшін жер – тіршілік көзі, еңбек – өмір мәні болды. Мектептен келген соң қолына кетпен алып, үлкендерге қолғабыс ету – оның күнделікті тірлігі болған екен.

Темір тұлпарды серік еткен жылдар

1954 жылы М. Горький атындағы орта мектептің 7-сыныбын аяқтаған соң, еңбек жолын таңдауы – заңдылық еді. 1956 жылы Қарағанды қаласы Токаревка кентінде тракторист-машинист мамандығын меңгеріп, 1958 жылдан бастап «Қарабұлақ» МТС-інде тракторист болып жұмыс жасай бастайды. Бұл – тың көтерілген уақыт. Жер жыртып, дән сеуіп,

қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында трактор тізгінін тастамаған механизаторлар сол заманның нағыз батырлары еді ғой. Ақсақал еңбегі еленбей қалған жоқ. Қаз ССР-інің Құрмет грамотасы, «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалі, Еңбек ардагері медалі – соның айғағы. Ал, 1973 жылы механизаторлар слетінде «Москвич-412» автокөлігінің сыйға тартылуы – қарапайым еңбек адамына көрсетілген зор құрмет болатын.

Басшылықта да біліктілік танытты

1975 жылы Ақтоғай совхозының №2 бөлімшесіне трактор бригадирі болып ауы-

AQTOĞAI AJARY

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

теуден қалып, жаңалары әлі де пайда болу сатысында тұрған белгісіздік жағдайында мемлекеттің қалыптасуымен тікелей байланысты қатаң, бірақ аса маңызды реформаларды еріксіз тежеді. 90-жылдардың басындағы жағдайды еске алайық. Қоғамның көңіл күйі өзгерістерден рухтанған ерік-жігер мен болашағы бұлыңғыр бейберекетсіздік салдарынан туындаған үрей араласқан жағдайда еді. Қол жеткен бостандық пен ұлттық жаңғырудан туған эйфория өмір сүру деңгейінің төмендеуімен, ертеңгі күнге деген сенімсіздікпен және әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуімен басылып отырды. Кешегі социализм кезінде салыстырмалы түрде қанағаттанарлық өмір сүрген, енді еркін нарыққа тап болған жандарға жаңа өмір шындығының бұл тұсын қабылдау қиынға соқты. Елде, ең алдымен, өз мүмкіндігін әлдеқашан тауысқан социалистік басқару жүйесінің құрдымға кетуімен байланысты ауыр экономикалық дағдарыс орын алды. Ол нарықтық механизмдерге негізделген мүлдем жаңа жүйені нөлден бастап құруды талап етті. Сол кезде жарияланған, бірақ іс жүзінде бір басына жоғарғы билік форматы, екінші басына экономикалық даму формуласы қойылған тарихтың тұрақсыз таразысында тербеліп тұрған, жаңа ғана қол жеткен Тәуелсіздіктің болашағы соған байланысты болды. Бұл бифуркация нүктесі болды. Оны еңсеру Қазақстанның жүретін бағытын таңдауымен ғана емес, оның дербес субъект ретінде өмір сүруімен де байланысты еді. Өкілді және атқарушы билік арасындағы дағдарысқа әкелген Жоғарғы Кеңес пен тұңғыш Президент арасындағы қарама-қайшылықты түсінудің кілті дәл осы нүктеде болды. Жоғарғы Кеңес кең өкілеттікке ие болған 1993 жылғы Конституция Президентке Мемлекет басшысының көпшілікке беймәлім, бірақ өмірлік маңызы бар реформаларды ілгерілету функцияларын толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Сонымен бірге Жоғарғы Кеңес ұзақмерзімді мемлекеттік мүдделерге жауап беретін нәтижелі жалпыұлттық даму күн тәртібін тұжырымдай алмады. Өйткені олар көпшілік үшін түсініксіз және қорқынышты көрінген нарықтық қатынастарды қабылдамаған өз сайлаушыларына қарсы келе алмады. Қос билік салдарынан туындаған қиын жағдайда, реформалар кейінге қалған әр ай жоғалған онжылдыққа барабар саналған кезде, Қазақстан бұғанасы бекімеген мемлекеттің басқарылуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге және оны дағдарыстан шығаруға қабілетті жүйеге аса мұқтаж болды. Нәтижесінде, Жоғарғы Кеңестің екі шақырылымдағы депутаттары мерзімінен бұрын отставкаға кеткені белгілі: XII шақырылым өзін-өзі тарату арқылы, XIII және соңғы шақырылым Конституциялық соттың шешімімен заңсыз деп танылды. Өзі үшін «сәтсіз» болған осы бір реттік санмен Жоғарғы Кеңес ескірген форма ретінде өмір сүруін тоқтатты. Осы ретте айта кетер жайт, мен 1994 жылы XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес аппаратында жұмыс істей жүріп, Ескі алаң мен Жаңасының қарама-қайшылығына куә болдым. Сол кезде шекарасыз, ережесіз еркіндіктің лебі баршаны шаттыққа бөлегені жас жігіт болған мені кәдімгідей таңалдырғаны әлі есімде. Жоғарғы Кеңестің темекі түтіні сіңген кабинеттерінде буырқанған осы романтикалық рух Кеңестің бас шұлғуынан кейін, расымен, таңтамаша болдым. Әрине, әркім ескегін өз бағытына қарай ескен қайықтың жағаға жетер-жетпесі күмәнді болғаны анық. Қиынға соққан сайлауалды күрестегі жеке жеңістерімен жігерленген депутаттар билікке партия тәртібімен де, қалыптасқан құқықтық санамен де тежеп тұра алмайтын, бақылаусыз эмоциялық бастама әкелді. Бұл, жалпы алғанда, өтпелі кезеңдегі қоғамдарға тән құбылыс еді. Атқарушы билікпен нәтижесіз бәсекелестік көбіне заң шығару процесінің негізгі мәніне айналды. Ал танымал емес шешімдерді айналып өтуге тырысу дамуға бағытталған ұзақмерзімді саясатты жүргізуге кедергі келтірді. Десе де, бұл

4

тың саяси мәдениет қалыптастыру жолындағы маңызды қадам еді. 1994 жылы жаңартылған заңнама бойынша сайланған және кәсіби негізде жұмыс істеген XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес тұрақты жұмыс істейтін Парламенттің алғашқы тәжірибесі болды. Алайда билікті бөлу дәстүрі мен саяси үстемдік талаптарынан қорғайтын құқықтық тетіктер жоқ жағдайда депутаттардың популистік ниеттері мемлекеттілік қлыптасып келе жатқан маңызды кезеңде билік тармақтары арасындағы сындарлы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. Сондықтан табысты даму үшін Қазақстанға 1995 жылғы Конституцияда негізі қаланған, билік функционалының аражігін нақты ажыратуға, күшті президенттік институтқа және тұрақты кәсіби Парламентке негізделген жаңа конституциялық архитектура қажет болғаны сөзсіз.

ТЕНГЕРІМ ФОРМУЛАСЫ

Жаңа Конституцияда қос палаталы Парламенттің бекітілуі асығыс шешім қабылдаудан қорғайтын мемлекеттік басқару жүйесін тұрақтандырудың маңызды тетігі болды. Бірінші шақырылымдағы Парламентке сайлау 1995 жылғы желтоқсанда өткені белгілі. Екі палаталы модель тежемелік және тепе-теңдік жүйесі арқылы теңгерімділікті қамтамасыз етіп, билік дағдарыс мәселесін күн тәртібінен алып тастады. Сон-дай-ақ ұлттық және өңірлік мүдделер арасындағы теңгерімді қамтамасыз етті. Сенат мемлекеттік бағыттың стратегиялық тұрақтылығына және орталықта өңірлер өкілдерінің болуына, Мәжіліс – саяси бәсекелестік пен қоғамның пікіріне ден қоюға жағдай жасады. Нәтижесінде, теңгерімді қос палаталы Парламент саяси тұрақтылыққа, қоғамдық диалог пен келісімге тірек бола отырып, елдің 1990 жылдардағы дағдарыстан шығуына қажетті құқықтық негізді қалыптастырды. Отыз жыл ішінде Парламентте пысықталып, 3 400-ден астам заң қабылданды. Олар қоғам өмірінің экономика және қаржы, сот және банк жүйесі, әлеуметтік сала, ішкі саясат, өңірлерді дамыту, ғылым мен мәдениет, цифрландыру, жасанды интеллект сияқты барлық негізгі секторды қамтыды. Сыртқы байланыстарды нығайту бойынша да ауқымды жұмыс жүргізілді: 1 400-ден астам ратификацияланған халықаралық келісім Қазақстанның әлемдік құқықтық және экономикалық жүйеге интеграциялануын қамтамасыз етіп, оның жауапты әрі қауқарлы серіктес ретіндегі мәртебесін бекіте түсті. Өткен 30 жылда Парламент өзін басқару жүйесінің тұрақтылығын, алдағы бағыт-бағдардың болжамын және қолданыстағы тәртіптің сақталуын қамтамасыз ете алатын біріктіруші күш ретінде көрсете білді. Парламенттің жоғары палатасы мемлекеттік билік жүйесіндегі тұрақтандырушы институт рөлін атқарды. Осы тұрғыдан алғанда, Сенат маңызды үш міндетті шешуге баса мән берді. Бірінші – саяси жүйенің эволюциялық жолмен дамуына кепіл болу. Тәуелсіздік қалыптасып келе жатқан қиын-қыстау жылдарда, экономикалық модель күрт құбылып, институттар түбегейлі өзгеріске ұшыраған кезеңде Сенат бағдарды берік ұстанған, демократия, нарықтық экономика және құқықтық мемлекет жолынан ауытқуға жол бермеген негізгі күштердің бірі болды. Екінші – заң шығару процесінің үздіксіз жүргізілуі және оның қарқынды реформалар жағдайындағы сапасы. Мәжіліс таратылған немесе қайта сайланған кезеңдерде Сенат Парламенттің функцияларын өзіне алып, кейінге қалдыруға болмайтын заңдарды қабылдады. Мысалы, 2007 жылдың жазында, Мәжіліс болмаған кезеңде Сенат мемлекеттің кідіріссіз жұмысын қамтамасыз ете отырып, ондаған маңызды заң қабылдады. 2023 жылдың көктемінде, Мәжіліске кезектен тыс сайлау өткізу кезінде де дәл солай болды. Үшінші – өңірлер палатасының рөлі. Сенат құрамына барлық облыстың, Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың өкілдері бірдей енген. Бұл елдегі жағдайдың «орташа температура-сын» ескеріп қана қоймай, ауылдардың, аудандардың, шекара маңындағы елді

16 қаңтар 2026 жыл

мекендердің, индустриялық орталықтардың заң шығару процесіндегі және республикалық бюджетті қалыптастырудағы нақты сұраныстарын ескеруге мүмкіндік береді. Сол арқылы өңірлердің мүдделері ескерілетін тұтас инфрақұрылым қалыптасты: Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес, «Өңір» депутаттық тобы, сенаторлардың өңірлерге тұрақты сапарлары, халықпен және жергілікті депутаттармен кездесулер. Осы механизмдер арқылы Сенат заңдардың орындалуын бақылаумен ғана шектелген жоқ. Ол өңірлердегі азаматтарды алаңдатқан мәселелерге назар аударып, олардың үніне құлақ асты. Кейін оның бәрін заң шығару қызметінде ескерді және анағұрлым теңгерімді өңірлік саясат қалыптастыруға ықпал етті. Өңірлермен қатар жоғары палатада Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері де бар. ҚХА квотасы арқылы Сенат этникалық топтар арасындағы келісім мәселелерін бақылауда ұстап келеді. Әрине, жоғары палатаның қызметі үш негізгі бағытпен шектелмейді. Осы жылдар ішінде Сенат мемлекеттегі өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар қалыптастыратын зияткерлік орталыққа айналды деуге толық негіз бар. Сенат жанында бірнеше сараптамалық платформалар, нақты айтқанда, Сарапшылар клубы, Сенаторлар кеңесі, Инклюзия жөніндегі кеңес, «Ұлттық мүдде» диалог алаңы белсенді жұмыс істеп келеді. Бұл сараптамалық форматтар тұйық шеңберде емес, керісінше, кері байланыс арқылы жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, қоғамның сұранысы, кәсіби бағалау, өңірлік проблемалар ақпараттық кеңістікте қалып қоймай, заңдарда, түзетулерде, парламенттік ұсынымдарда айқын көрініс тапты. Сонымен қатар Сенат Орнықты даму мақсаттарының күн тәртібіндегі негізгі драйверлерінің біріне айналды. Бүгінде қос палатаның өкілдерімен құралған ОДМ-ның іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия орнықты дамуды ұлттық қауіпсіздік пен өмір сапасының іргетасы ретінде қарастыратын алаң ретінде жүйелі жұмыс істеп келеді. Қазақстан Парламентінің Сенаты дінаралық және мәдениетаралық диалогтың бірегей жаһандық алаңына айналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу ісінде де шешуші рөл атқаруды жалғастырып келеді. Бүгінде Съезд діндер диалогы, бейбітшілік құндылықтарын және адамзат бірлігін жаңа деңгейге шығару арқылы халықаралық «рухани дипломатия» институттарының бірі ретінде танылып, мойындалды. Осы орайда ең басты байлығымыз – адам капиталына жеке тоқталып өтуді жөн көріп отырмын. Ромул заманынан бері Рим дәстүріндегі Сенат рухани және саяси ықпалға ие парасатты азаматтардың кеңесі болды. Бұл дәстүр Қазақстан Парламентінің Сенатында да қалыптасты деуге әбден болады. Жоғары палатаның төреші, байсалдылық пен тепе-теңдік институтыретіндегірөлісенаторларымыздың беделі мен өмірлік тәжірибесінің арқасында қамтамасыз етілді. Сондықтан Сенат тарихы – оған адами өлшем мен моральдық бедел берген адамдардың тарихы. Әрине, бұл ретте Сенатты заң шығарудың жоғары дәрежедегі кәсіби және ықпалды орталығына айналдырған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың есімін бірінші кезекте атап өтеміз. Сол кезеңде жоғары палата ауқымды реформаларды үнемі қолдап отырды, өз беделімен билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етті. БҰҰ, ЕҚЫҰ, Парламентаралық ассамблеялар алаңдарында Қазақстанның атынан өкілдік ете отырып, парламентаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты. Халық ұштышысы, көрнекті мемлекет қайраткері, ұлттық жаңғырудың жаршысы, сенаторлар арасында орны бөлек тұлға – Әбіш Кекілбаев. Оның қазақ тілінің жоғары мәртебесіне, халықтың мәдени мұрасына, Тәуелсіздіктің рухани негіздеріне қатысты батыл ұстанымы парламенттік талқылаулардың мазмұнын биік деңгейге көтерді. Сенаттың қалыптасуына оның бірінші төрағасы Өмірбек Байгелдінің де сіңірген еңбегі зор. Ол парла-

ментаризм енді аяққа нық тұрып келе жатқан шақта жоғары палатаны нарыққа, құқықтық мемлекетке және жаңа саяси мәдениетке ақылмен көшуді қамтамасыз еткен жасампаз алаңға айналдыра білді. Ол сот жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, азаматтық қоғам институттары туралы маңызды заңнамаға айтарлықтай үлес қосты. Оралбай Әбдікәрімов – заманауи парламентаризм тарихындағы негізгі тұлғалардың бірі. Ол Сенатты ауқымды қайта құрылымдау кезінде басқарып, реформаларды нормативтік тұрғыдан сапалы сүйемелдеуді, соның ішінде сот, қаржы және әлеуметтік салаларда жүйелі заңдардың қабылдануын ұйымдастыра білді. Оның қатысуымен елдің одан әрі дамуын айқындайтын іргелі заңнамалық база қалыптасты. Қуаныш Сұлтанов – жоғары палатада кәсіби шеберліктің озық үлгісін көрсеткен тұлға. Ол қызметте академиялық мектептің саяси терең пайымдауын адамдық көркем келбетімен үйлестіре білді. Сенатта жұмыс істей жүріп Қуаныш Сұлтанұлы негізгі комитеттерді, оның ішінде Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетін басқарды. Сол кезеңде мықты саяси тұлғаларды бір комитетке жинап, олардың үйлесімді, кәсіби жұмысын қамтамасыз еткен қайраткер. Қазақстандағы ірі ойшылдардың бірі болған, қазақстандық диалектикалық логика мектебінің негізін қалаған, ҚР Ғылым академиясының вице-президенті, қоғам қайраткері және ғалымдардың бірнеше буынын тәрбиелеген тәлімгер – Жабайхан Әбділдин де Сенаттағы зиялылық символына айналды. Тәуелсіз Қазақстан-ның бастауында тұрғандардың қатарында Зинаида Леонтьевна Федотованың есімін ерекше атауға болады. Ол мемлекеттілікті қалыптастырудың маңызды жылдарында Сенаттың Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы болды. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Қазақстан сенаторлары өз тәжірибесімен, кәсібилігімен және парасатпайымымен еліміздің дамып, нығаюына орасан зор үлес қосты. Олар өздерінің қажыр-қайратының арқасында жоғары палатаны мемлекеттің орнықтылығы мен дәстүрлер сабақтастығының басты факторына айналдырды. Қазақстанның жаңарған саяси келбетінде Сенат саяси тепе-теңдіктің беделді тетігі, өңірлердің мүддесін қорғайтын орталық билік институты және зияткерлік сараптамалық орта болып қалып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Сенат елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте құрылды, ол мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша тарихи миссияны отыз жылда абыроймен атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болды.

БІР ПАЛАТАЛЫ ЖӘНЕ КӨП ПАРТИЯЛЫ Платоннан бастау алған және «геосаясат» терминінің авторы Рудольф Челлен тұжырымдаған «Мемлекет – тірі ағза» деген көне метафора, егер кеңістік аспектісін назарға алмасақ, барлық элементтің үйлесімді жұмыс істеуін талап ететін, дағдарысқа ден қоя отырып, дами алатын, ішкі қажеттіліктерге және қоршаған ортаның жағдайына қарай өсуге, өзгеруге бейім өзара байланысты күрделі жүйені білдіреді. Өсу мен өзгеру – өмір, тоқырау мен тоқтау – өлім. Отыз жыл ішінде біздің тірі ағзада көп өзгеріс болды. Біз бұрынғы межелерден асып түстік және жаңа нормалардың қалыптасу сатысында тұрмыз. Кейінгі жылдарда қазіргі өсу дағдарысын еңсеру үшін жүйелі реформалар жүргізіліп жатқаны белгілі. Десек те, бұл мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңіндегі дағдарыстан мүлдем бөлек. Ол кезде мәселе қатаң дара басшылық арқылы мемлекеттің тұрақты өмір сүру қабілетін орнықты қалыптастырумен байланысты болған еді. Ал жаңа жағдайда билікті орталықсыздандыруға деген қоғамдық сұраныс билік тармақтары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қайта ой елегінен өткізуді және теңгерім фор-

(Жалғасы 5-бетте).

AQTOĞAI AJARY

(Жалғасы. Басы 1-4-беттерде).

муласын өзгертуді талап етеді. Өкілді биліктің тұрақтандыру функциясы бүгінде қос палатаның әлеуетін бір пәрменді күшке жұмылдырып, Қазақстан халқының барлық әлеуметтік тобының пікірін тұтас білдіретін бір палаталы Парламентке біріктіруді талап етеді. Бұл – атқарушы билікке ықпалды теңгерім болатын қадам. Халық – парламенттік реформаның негізін қалаушы. Өйткені бұл жолы өзгерістің басты тапсырыс берушісі бұрынғыдай билік емес, халық болып отыр. Себебі осы 30 жылда халықтың та, қоғамның да өресі биіктеп, бірегейлігіміз нығайды, құндылықтарымыз, саяси мәдениетіміз бен көзқарасымыз өзгерді, нарықтық өзгерістерден қорқатын бұрынғы кеңес заманының адамдарынан Қазақстан халқы егемендіктің иесі ғана емес, саяси субъект ретінде де қалыптасты. Сондай халық сайлаған Мемлекет басшысы әлеуметтің сұранысына нақты назар аударып, заң шығарушы биліктің өкілдік функциясын күшейту арқылы қайта форматтауды ұсынды. Президентіміз ұсынған жаңа Парламентті партиялық қағидат бойынша қалыптастыру идеясы осыдан туындап отыр. Саяси партиялардың рөлін идеалдандыруға немесе ерекше көтермелеуге жол бермей, біз бұл – өкілді демократия мен жалпыға бірдей сайлау құқығын жүзеге асырудың негізгі тетігі, азаматтардың билікпен әлеуметтік келісімшартының нақты жұмыс істейтін нысаны, оны ұзақмерзімді заңдастырудың жалғыз мүмкін әдісі екенін мойындауымыз керек. Бұл ретте, партиялық орталықсыздандыру тұрғысынан алғанда, партиялық алаңы тиісті деңгейде дамымаған, бір партия үстемдік ететін Қазақстан үшін пропорционалдық жүйе мажоритарлық жүйе-ге қарағанда қолайлырақ. Дюверже заңына сәйкес мажоритарлық өкілдік жүйесі жаңа шағын партиялардың Парламентке өту мүмкіндігін күрт төмендетеді. Ал пропорционалды жүйе көп партиялыққа, яғни, электораттың түрлі топтарының мүддесін барынша кең қамтуға ықпал етеді. Сонымен бірге Қазақстандағы партиялардың саяси рөлі реформалар мен партиялық кеңістіктегі жаңа акторлардың пайда болуына қарамастан, тұтастай алғанда әлі де төмен екені жасырын емес. Осы уақытқа дейін біздің партиялар, «AMANAT» партиясын қоспағанда, сайлауаралық кезеңде гистернация режимінде болғаны белгілі. Тіпті, дәстүрлі электоралдық белсенділіктің өзі бау қаркынмен есте қалатын. Өкілді биліктің бүкіл әлеуетін өз қолына шоғырландыратын бір палаталы ықпалды Парламенттің пайда болуы жаңа саяси көшбасшылардың амбициясын оятуға және бәсекеге қабілетті партиялық демократияны қалыптастыруға кең мүмкіндіктер бермек. Өз сайлаушыларының мүдделерін қорғайтын және бірыңғай өкілді орган жүйесіне енгізілген күшті саяси партияларсыз нағыз Әділетті Қазақстан құру мүмкін емес.

ЦИФРЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

Мемлекет басышысының цифрлық трансформация арқылы маңызды міндеттерді іске асыруға арналған Жолдауында парламенттік реформа туралы айтуы көпшілікке түсініксіз болуы әбден мүмкін. Алайда бұл ешқандай кездейсоқтық емес еді. Себебі алдағы уақытта тың мүмкіндіктерге жол ашқан жаңа технологиялармен үйлестірмей өкілді билікті түбегейлі жаңғырту мүмкін емес. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев реформаның осы тұсын ашып көрсете келе, «цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу бүкіл әлемде мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз», деп атап өткен болатын. Сондықтан біз де дәуір трендінен қалмауды көздейміз. Жалпы, Қазақстан бұл салаға барынша терең ден қойып отыр. Бүгінде жасанды интеллектімен жұмыс істемейтін бірде-бір мемлекеттік немесе квазимемлекеттік орган жоқ. Тіпті, «Самұрық» дауыс беру құқығы бар нейрожүйені директорлар кеңесінің құрамына қосты. Бізге бұл жат дүние болып көрінуі мүмкін. Кейбір адамдарда

5

«ЖИ-ді Парламент сияқты дәстүрлі және консервативті институтпен қалай байланыстырамыз? Қанша дегенмен, бұл жерде корпоративтік мәселелер емес, адам тағдыры шешіледі ғой», деген сауал да туындауы орынды. Алайда біз кезінде өзгелерден бұрын өмірімізге e-government-ті енгізгенімізді ұмытпауымыз қажет. Шыны керек, бүгінде бұл бастаманың өмірімізді қалай өзгерткені жайлы көп ойлана бермейміз. Ал егер бұрынғы қалпымызға қайта оралатын болсақ, үлкен айырмашылықты байқар едік. Электрондық үкіметтен электрондық Парламентке дейін бір-ақ қадам. E-parliament-ті әзірлеу 2023 жылы басталып кетті. Бүгінде аталған процестерге қатысты тұжырымдамалық түсінік қалыптасты. Жуырда оны толық көлемде техникалық тұрғыдан апробациядан өткізуге дайын боламыз деп ойлаймын. Бірақ, әрине, Парламент жағдайында бұл тек әдетке немесе таза техникалық шешімдерге қатысты емес. Қалай десек те, біз бүгінде адам факторының бұрмаланған әсерін еселеп төмендететін математикалық алгоритмдердің жансыз адалдығы мен ашықтығына негізделген цифрлық демократияның табалдырығында тұрмыз. Әрине, бұл – тетік. Соған қарамастан ол шынайы өмірдің ажырамас бөлшегіне айналған, оны толықтыратын және өзгертетін маңызға ие. Қазір бүкіл әлемде парламенттік жүйелер трансформацияның жаңа кезеңін өткеріп жатыр. Бұл өзгерістер идеологиямен немесе саяси дағдарыспен байланысты емес. Ол саясаттың табиғатын өзгертетін технологиялық революцияның сапалы серпілісімен байланысты. Бұрын Парламенттің өкілдік ету функциясы байланыс жасаудың дәстүрлі нысандарына негізделетін. Сайлаушылар депутаттарға «аманатын» айтатын, ал парламентарийлер заң шығарушы органның қабырғасында электораттың үнін жеткізіп, Үкіметтің алдына тиісті міндеттер қоятын. Бүгінде бәрі өзгеруде. Парламенттік қызмет отыз жыл бұрынғыға қарағанда мүлдем басқа ортада жүріп жатыр. Цифрлық дәуір қоғам мен билік арасындағы шекараны бұзды. Кез келген адам әлеуметтік желі арқылы күн тәртібін қалыптастыруға, пікірталас ұйымдастыруға қатыса алады. Министрлер мен әкімдерге жүгініп, өз ұстанымын тікелей әрі дереу айту мүмкіндігіне ие. Қоғамдық пікірталас шынайы уақыт режимінде өмір сүретін цифрлық кеңістікке ығысты. Парламентаралық одақтың «Use cases for AI in parliaments» баяндамасында айтылғандай, цифрлық арналар кері байланыс тетігін күрт жеделдетті, ал әлем Парламенттері статикалық өкілдіктен «тұрақты диалог» моделіне көшуде. Қазірдің өзінде бірқатар елде Парламент депутаттары қоғамдық пікірдің цифрлық панелін, сауалдарды қадағалау жүйесін және тақырыптық өтініштердің алгоритмдік аналитикасын қолданады. Мұның бәрі Парламенттерді сөзсіз өзгертті. Цифрлық құралдармен жұмыс істей алатын депутат қоғаммен бұрынғыдан анағұрлым тез, кең және терең, тікелей әрі үздіксіз диалог орната алады. Өкілдік ету жай ғана құқықтық мәртебе емес, ол коммуникативтік құзыретке айналуда. Онсыз заманауи саясаткер қоғаммен байланысын жоғалтады. Жасанды интеллект – өзгерістердің екінші желісі. Бүгінде ауқымды деректер нақты уақыт режимінде заңның орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектісі бар цифрлық жүйелер пайда болып жатыр. Олар нормативтік актілерді талдауды автоматтандыруға, реттеу салдарын модельдеуге және оққылықтарды анықтап, түзетулер ұсынуға қабілетті. Электронды Парламенттердің жаһандық тәжірибесінде жалпыға ортақ логика қарастырылады. Енді Парламенттер отырыс залы ғана болып қалмайды. Олар деректер, цифрлық технологиялар мен саяси жауаптылық қосылған күрделі эжжүйеге айналып барады. Өкілдік етудің сапасы депутаттық мандаттың санымен ғана өлшенбейді. Ол қоғамның сұраныстарына жауап беру жылдамдығымен, шешімдердің ашықтығымен, ақпараттың қолжетімділігімен және Парламенттің

5

заң формуласының тілінде ғана емес, азаматтардың тілінде жұмыс істеу қажеттілігімен таразыланады. Алдағы жылдарда қуатты жасанды интеллект платформаларына ие ірі корпорациялар заңға тәуелді реттеулерге бастамашы болатынын, тіпті, дайын нормативтік шешімдер ұсына алатынын жоққа шығаруға болмайды. Бұл мемлекеттің, қоғам мен технологиялық сектордың өзара байланыс орнатуының жаңа келбетін қажет етеді. Алдағы уақытта Парламентте жылдамдық пен сапа, ашықтық пен кәсібилік, саяси бәсекелестік пен технологиялық құзыреттілік болуы қажет. Цифрлық Парламент осы жаңа үлгінің негізі бола алады. Мемлекет басшысы дамудың жаңа кезеңіндегі маңызды мақсаттардың бірі ретінде Қазақстанды алдағы үш жылда жаппай цифрлық елге айналдыруды міндет етіп белгілеп берді. Президентіміз атап өткендей, еліміз болашақта әлемде қандай орынға ие болатыны осыған байланысты. Сондықтан жаңа біртұтас Парламент өзінің қоғамдық мәртебесі жағынан цифрлық демократияның өзегі әрі озық үлгісі болуға тиіс.

СИПАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Парламенттік реформа – аса маңызды өзгерістерге серпін бере алатын негізгі жүйке түйіні. Дұрыс үйлестірілген жағдайда саяси коммуникацияның барлық күш-жігері аталған түйінге келіп тоғысады және дәл осы жерден тарайды. Бұл сыртқы келбетін ғана өзгерту деген сөз емес. Ол – билік ғимаратының тірек конструкцияларының бірін күшейту, шешім қабылдаудың негізгі тетіктері қоғамға түсінікті болатын анағұрлым ықпалды, ашық және тиімді жүйеге көшу деген сөз. Бұл қадам атқарушылық билікті бақылаудың тиімді, бірақ тежемелер мен теңгерімдер жүйесін тұралатпайтын тетіктерін қамтуға тиіс. Парламенттік реформаның ойдағыдай жүргізілуі жаңа Парламенттің қуатты саяси күш ретіндегі институционалдық дизайнының негізгі қағидаларына байланысты. Әрине, біз өкілді биліктің жаңа архитектурасы қандай болатынын нақты болжай алмаймыз. Бірақ алдымызда тұрған міндеттердің жалпыға түсінікті логикасына сүйене отырып, кейбір басымдықтарды белгілеп алуымызға болады. Бұл – бірінші кезекте, комитеттік жүйені күшейту. Бір палаталы Парламентке тыңдауларды, тергеулерді жүргізу үшін бастамашы болу және министрлер мен әкімдерді шақырту құқығына ие, үлкен өкілеттіктері бар мықты салалық комитеттер қажет. Сондай-ақ тұрақты салалық кеңселер, аналитикалық және заң қызметі де керек. E-parliament цифрлық платформасы мықты құрал болмақ. Ол e-government және e-otinish жүйелерімен интеграциялануы да мүмкін. Бұл жүйе үздіксіз талдау мен заң жобаларын басынан аяғына дейін жүргізуге, мүдделер қақтығысын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және қолданыстағы заңнамамен қайшылықтарды айқындауға, заң шығару процесін тереңдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді. Цифрлық Парламент заң шығарудың барлық кезеңінде ашықтықты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ елдегі сұраныстың және ахуалға мониторинг жүргізудің негізінде өзекті күн тәртібін қалыптастыра алады. Бір палаталы Парламентке көшу өңірлер палатасы ретінде ұлттық деңгейде аймақтардың мүдделерін ескеретін Сенат функцияларын алмастыру үшін компенсаторлық тетіктер құруды талап етеді. Мемлекет басшысы атап өткендей, мұндай тетік өңірлерді дамыту жөніндегі салалық комитеттен басқа, консультативтік-кеңесші орган форматында Парламент жанындағы Өңірлер кеңесі болуы мүмкін. Оның құрамына Парламент депутаттарымен бірге өңірлердің өкілдері, нақтырақ айтқанда мәслихат төрағалары мен қоғамдық ұйым басшылары қосыла алады. Бұл мәслихаттардың назардан тыс, өз ортасында ғана қалып қоймауына ықпал етеді. Олар өкілді биліктің жаңа құрылымына еніп, тікелей кері байланысты, яғни халық – мәслихат – ұлттық Парламент вертикалін құрады. Жоғары өкілді органды бәсекеге қабілетті

16 қаңтар 2026 жыл

пропорционалды негізде қалыптастыру домино әсеріне алып келеді. Көп партиялы Парламент электорат мүдделерін барынша толық және тиімді қорғаудың алғышартын қалыптастырады. Партиялар анық саяси өкілдігі жоқ әлеуметтік топтардың шашыраңқы мүдделерін дауыс жинау үшін нақты бағдарламаларға «топтастыруға» мәжбүр болады. Электоратты ұстап қалу үшін партиялар тұрақты кері байланыс арналарын: жергілікті бөлімшелер, қоғамдық қабылдаулар, ұсыныстарды жинақтау үшін онлайн-платформалар құрады. Көп партиялы Парламент бәсекеге қабілетті заңнамалық органы қамтамасыз етеді: заң жобалары дебаттар, коалициялық келісімдер мен әртүрлі идеологиялық платформалар арасындағы ымыраға келу партиялық сүзгіден өтеді. Бұл қабылданатын шешімдердің сапасы мен заңдылығына айтарлықтай әсер ететіні анық. Күшті парламенттік партиялар құрылып, олармен бірге партиялық электораттың мүдделері тұрғысынан белсенді заң шығару бастамасы пайда болады. Парламент бәсекеге қабілетті саяси дискуссияларға арналған алаң ретінде қалыптасады. Осылайша, парламенттік дебаттар Қазақстанның болашағына қатысты дер кезінде әртүрлі көзқарастар тоғысатын елдің басты саяси аренасына айналмақ. Әрине, мұның бәрі уақытты, саяси ерік-жігерді, партиялардың шындалуын, олардың ымыраға және қоғамдық консенсусқа келуге дайындығы мен сайлаушылардың саналы белсенділігін талап етеді. Бірақ нәтиже осы жолдағы еселі еңбекті ақтайтыны сөзсіз. Қазақстанда нақты көп партиялы Парламент құру жаңа саяси кеңістікке жол ашады. Ол – барлық әлеуметтік топтың өкілдік етуіне кепілдік ұсына отырып, билік төменнен жоғарыға қарай берілетін тұрақты, инклюзивті және жауапты саяси жүйе құрылады деген сөз.

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Жалпы, жаңа модель Қазақстандағы парламентаризмнің философиясын өзгертеді. Бұдан былай Парламент заң шығару органы ғана болып қала алмайды. Ол адамдардың үніне құлақ асатын, қоғамның сұраныстарын түсінетін және мемлекеттік дамудың тың бағыттарын қалыптастыратын қоғамдық диалогтың өзегіне айналуы керек. XXI ғасырдың кәсіби Парламенті көп партиялы, жинақы, жоғары технологиялық және қоғамның тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан Парламент болуға тиіс. Қазір бүкіл әлем саяси институттардың бағдары, басқару логикасы, азаматтардың қатысу тетіктері өзгерген дәуірге қадам басып отыр. Біздің еліміз де осы процестен шет қалмайтыны түсінікті. Жаңа кезеңде қанарған Парламент биліктің барлық тармағының тепе-теңдігін қамтамасыз ететін орталық тірек болуы қажет. Осы жерде саяси жүйенің басты міндеттері тұжырымдалып, абстрактілі емес, керісінше, адамдардың сұраныстары мен үміттеріне негізделген, нақты, түсінікті орнықты дамудың күн тәртібі қалыптасады. Сондықтан парламенттік реформа, ең алдымен, біздің шынайы құндылықтарымызды дәріптеу тетігі екені айрықша атап өткен жөн. Шын мәнінде, ықпалды Парламент Тәуелсіздік пен егемендіктің тірегіне айналады. Ал көп партиялы жүйе – саяси бәсекелестік пен әділеттіліктің кепілі. Билік ішіндегі орнықты теңгерім тұрақтылық пен дамуға жол ашады. Тепе-теңдік жүйесінің жаңа үлгісі сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің жолына тосқауыл болады. Сондай-ақ адам құқықтарының қорғалуына және елдің демократиялық дамуына кепілдік береді. Мұның бәрі – әр адамның бақуатты өмір сүруін қамтамасыз ететін маңызды қадамдар. Осы құндылықтарды қазақстандық арман деп атасақ, артық бола қоймас. Парламенттік реформа – соған жетелейтін жол картасы. Көз алдымызда ертеңгі күннің арайлы таңы атып келеді. Біртұтас мықты Парламент – сол жарқын болашаққа қарай жасалған нық қадам. Арманды ақиқатқа айналдыру жолындағы батыл қадам.

Материал turkystan.kz газеті сайтынан алынды.



қалтқысыздығы мен тапқырлығына таң қалатынбыз. Сезімталдығы соншалық, бірдеңе сұрағалы тұрғанымызды бірден көзімізден аңғарып, сұрақты аяқтатпастан өз жауабымен жалғастырып әкететін. Сөйлегенде бір сөзін екі қайталамайтын, артық тіркестер қосып адамды жалықтырмайтын, екі тілде бірдей төгіліп кететін шешендігі Қайрекеңнің тұлғалық биіктігінің шырқау шегіндей аңғарылатын.

1970 жылдары аудандық оқу бөлімінде Қайрекеңмен бірге жүрген кездерім өмірімнің арқауына айналып еді. Жастық шағы ауылда өткен қарапайым, можантомпай менің Қайырбек сынды арналы азаматтың қасында болғаным жан сарайымды сілкіндірді, көзімді ашты, көкірегіме намыс ұялатты. Қайрекеңнің алдында өзімді бастауыш кластың оқушысындай сезініп жүрдім. Білмейтінімді бетіме баспады, кемсітпеді. Екінші қайыра сұрап ұялтпады. Мені тұлғасына тән мінезімен жетегіне қосып, ілестіріп алды. Тіпті кейде бір құпияны өзі біліп

аңдысып, ел ортасын бірге аралауға шықтық. Жыр қоржынымыз қомпайғандай болып, Жездіні артқа тастап ауылға оралдық. Осы шарада бірі туған атамекені, екіншісі партияның қас-қабағында тұрған жауапты қызмет орыны – екеуі де қымбат – қалтарыста қала беруге де, бүйректі бұруға да қанға сіңген әділдік Қайрекең зіл батпан салмақ салғаны белгілі. Ақтоғайдың бүге-шігесіне дейін жетік біледі. Соның бәрін Жездінің ақынының аузына құйып беретін шығар деген сыңар жақ пікірлердің кейбір азаматтардың аузынан абайсызда айтылып қалғаны да жасырын емес. Не керек, мезгілі жетіп, сөз семсерін аямай сілтескен сұрапыл ай-тыс та бірде тасып, бірде басылған тасқындай болып, өте шықты. Жездінің ақынының өз көзімен көргендерінен басқа, біздің жақ туралы біреу айтып қояр ма екен деген біз құпиялаған бірде-бір кемшілікті сын шумақтарына қоса алмағандығынан Жездідегі жерлесіміз Қайрекеңнің туған жері туралы тіс жармаған

Тұлға рухына тағзым

Жан сарайының шуағы жан біткенге нұрын төккен, жан жүрегінің қуаты Ақтоғайын Ақсораңымен теңестіруге жеткен, жан дүниесінің тұнығы Тоқырауынның қайнар бұлағындай болған, қарапайым көптің бірі болып ғұмыр кешіп, барша адамзатқа тән құндылықтардан нәр алған, өмір сүру тәсілі мен тас жарардай таланты құпия құбылысқа айналған, ізгілік жолы Ақсораң мен Ұлытауды жалғаған, қиялы Алты Алашты шарлаған, мінезі тәлім, ақылы ағым, білімі ғалым, кісілігі тақуа, досымен қияметтікке серттескен, әділдікпен ақиқатта беттескен, тұлғасы әу бастан өз тұғырын өз биігінен тапқан, 16 жасында омырауына алтын медаль таққан Қайырбек ағам Аңыз адам.

Хан тәжіндей қасиет тұтып, алтын ба-сынан тастамайтын құндыз бөрікі мен қырық күн жол жүрседе қылау түспейтін ақ көйлегін, қияметтік сапарында ақіреті ғана алмастырған, пендешілігі періштедей болған Абыз адам.

Әкесі Изатбектің аудан орталығын қапсыра көмкерген Бәйгетөбенің баурайынан салған алқа-қотан үйінің қарсы бетінде қасқайып ағып жа-татын әйдіңгір бұлақтың тұнығынан су ішіп, сыбдырынан сыр ұғып, Тоқырауынның сүмбіледей талына іңкар көңілінің құштарлығымен жібек жіппен байланып, Алаштың Ақтоғайының ақ жолды ұстаздарынан білім алып, Әлихан, Жақып пен Әлімхандардың рухынан ұлағат тауып, өмірі өзіне тән арнаға айналған Қайырбек ағам Дара адам.

Қия тастардың жсігін білдірмей қашап, қиуын тауып қалап, ең алғашқы екі қабатты мектеп тұрғызысып, (Қайрекең сол тас мектептің алғашқы түлегі) аумағы ат шап-тырымдай стадионды шегендеп қалап, тас қабырғамен қоршап қойғандығы (Нақыпбек сол стадионның таңдаулы футболшысы) тіпті өмірден өткен адамдарға өз қолымен ескерткіштер құйып беретіндігі өз алдына бір төбе ғанибет.Тұла бойындағы осындай күш-қайраты мен шеберлігін арзымас ақылы билеген Изекең әкеміздің еңбекқорлығы мен салқын қанды сабырлығы баласы Қайрекеңнің санасына өсиет болып қонғандай. Өз өмірі өзгелерге қастерлі өнеге боларлықтай қабылет пен қасиет Қайрекең өнерлі әкесі Изекеңнен дарығандығы ақиқат. Қайрекеңнің бойындағы жарыса қатар өрілген тамырын тереңнен алған білімі мен мінезінің мол құнары ешқашан таусылмайтын рухани қазына. Біздің көзімізге Қайрекең тұрғанда бұл төңіректе сыры ашыл-майтын құпия жоқтай көрінетін. Сондықтан да осы қасиетін арқаланып үнемі ақыл көмек сұрайтынбыз. Сұрағанымыздың жауабын та-бан астында алып, соншалықты қарапайым

тұрса да әдейілеп менен сұрап көретін. Осы-лайша санамды шынықтырды, біліктілікке үйретті, талпынысымды қолдай отырып, сынақтан өткізді. Қайрекеңнің сан қырлы қабылетіне табынатынмын. Аудандық Пионер-лер үйінде сурет салған болып әлектеніп жат-сам, Қайрекең ақырын ғана үнсіз жанымға келіп, қарындашты алып, менің бейнемді әп-сәтте сызып шыққанда өзімнің далбасама қатты ұялған едім. Қайрекеңнің нағыз талғампаз суретшілігін танытатын туындысы, майлы бо-яумен салынған Нарманбет ақынның портреті аудандық музейдің көрмесінде жарқырап тұр. Енді бірде менде қара жаяу емеспін, өзімше әзіл-оспақ шығаруға да әуестігім бар деп тоқпейіліспін, қабырға газетін шығарып жүретінім жайына қалсын. Бір мерекеде Қайрекеңнің оқу бөлімінің ұжымына арнап әзілдеп қойып шыққан, әміршіл Әзібек, қалтқысыз Қазтай, қазымыр Халық, сылқым Сүндет, ойыншыл Орынбай, ашусыз Айт-бала, паң Панар, жымыған Жанат, тынымсыз Тұңғышбай деген айдарлы аттары ел аузында аңызға айналған еді.

Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып жауапты қызметте жүрген кездерінде де маған қоғамдық тапсырмаларды жиі беріп, көзқарасымның саяси ортаға қалыптасуына да ерекше назарын ауда-рып отырды. Мені өзінің жанына жақын шәкірті санады. 1975 жылдан бастап жаңадан құрылған Жезқазған облысының мәдени-әлеуметтік салаларын басқарған кезеңдерде ауданның өсіп өркендеу тағдырынан айрықша қамқорлығын аяған емес. Облыстағы бірден-бір ақылшымыз болғандығы баршаға аян. Ал 1976-1983 жыл-дары Жезді аудандық партия комитетінің хатшысы болып, аса маңызды саланы басқарып жүргендегі басымыздан өткен оқиға, Қайрекеңнің өз ісіне адал, ұстанымына берік, көзқарасынан таймайтын табандылығының куәгерлігіндей болғандығы өнеге. 1980 жылдары болу керек, екі ауданның жазба ақындарының айтысы өтетін болып, алдын ала танысу үшін (анығы қажетті фактілер теру үшін) шағын шығармашылық бо-лып, топ сапарға шықтық. Ақынымыз – Тойшыке-нов Амантай. Жездіге келгенде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төркекелдин Мәкен бәрімізді жылы шыраймен қабылдап, бір сағатқа жуық ауданның арғы-бергі тарихын тармақтап таратып, таныстырып шықты. Мәкеңнің шешендігі мен зерделілігіне таң қалдық. Менің ойымның түкпірінде бірінші басшыны елі мен жерінің тарихын жетік біліп, оны шабыттанып, мақтанышпен айтып жеткізуге жетелейтін қуатты күш, сол өңірдің өз тумасы болғанда ғана, тектілік намысы мен патриоттығынан туындайтын шығар деген пікір сақталып қалған еді. Екі ауданның ығай мен сығайлары

адалдығы мен өз еліне деген құрметіне көзіміз анық жеткен болатын. Есесіне Қайрекеңнің «елеусіздіктен сақ болыңдар» деген ескертпесіне мән бермеппіз. Жездінің ақыны Ақтоғайлықтар ауылдарынан жыртық шалбармен келіп, біздің дүкеннен «женси» сатып алды дегенде, өз құлағымызға өзіміз сенер-сенбесімізді білмей шалқамыздан түстік. Батыр аңғал дегенді естуші едік, ал әнші аңғал дегенге Қуаттың жоқ жерден Жездіден шалбар сатып ала қойғаны көзімізді әбден жеткізді.

Еліміз өзінің Тәуелсіздігін алған 1992 жылы, Ақтоғай жұртшылығы ауданның тұңғыш әкімі Сағадат ағаның бастамасымен «Ақтоғай Алаштың үш арысының атамекені» атты рухани шара өткізуді қолға алған аса маңызды, жауапты кезеңде Қайрекең сол шараны ұйымдастырудың алғы шебінде болды. Қалкен ағасы екеуі қос авторлықпен Әлиханға, Жақыпқа, Әлімханға арнап алғашқы танымдық деректі кітаптарды құрастырып шығарды. Алаш қайраткерлерінің көзі тірі ұрпақтарына іздеу салып, тауып, шақыртулар жіберіп, оларды Қарағандыдан күтіп алып, ауданға алып келудің тізгіні де Қайрекеңнің қолында болды. Тіпті Әлиханның ұрпақтарын Желтаудағы Талдыбейітпен, Ұлытаудағы Жошы мавзолейімен өзі апарып таныстырды. Сырым Бөкейхановтың «Нельзя о прошлом позабыть» деген зерде кітабын қазақшаға аударып, баспа-дан өзі шығарттырды. Сол рухани шарада Алаш қайраткерлерінің есімдерінің орта мектеп-терге берілуіне де белсене ат салысты. Аудан орталығындағы төре ұрпақтары жерленген жерден болашақта Наубат құрбандары үшін ескерткіш кесене орнатып, Алаштықтар үшін жеке музей ашу, немесе Алаш залын ашу туралы бастама да көтерген болатын. Қайрекеңнің сол бастамаларын «Алаш залы» деңгейінде жүзеге асыру бүгінгі аудан билігінің үлесіне салмақты аманат болып сақталуда. Әлихан Бөкейханның туған күнінде Астана қаласындағы «Қаламгерлер аллеясында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан еске алу шарасын ұйымдастыруға да Қайрекеңнің қосқан үлесі айтарлықтай. Қай жерде салиқалы ой, мазмұнды шара, игілікті істер өткізілуі керек болса сол жерден табылып, өзінің үлесін қосу Қайрекеңнің мүдделі мақсаты болғандығын ерекше бағалаймыз. Өзінің өмірі туралы өзіне рухани ескерткіштің негізін қалап кеткен, талантын, қабылетін туған жеріне, алтын ұя еліне арнап, ұлтына адал қызмет етудің озық үлгісін көрсетіп кеткен тау тұлға Қайырбек ағаның есімін құрмет тұту барша ұрпақтарының парызы болсын деген тілектеміз.

Ізгі ықыласпен ерекше құрмет тұтушы бауыры Мұқан Тұңғышбай Өміртайұлы.

Хабарландыру

«Концерн «Эко-Регион СК» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 19 ақпанда 11 сағ. 00 минутта Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі 5-үй, мәдениет үйі, мекен жайында кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша РШН, ӨЭБ, ҚББ жобасы, технологиялық нормативтерді негіздеу жобасы, қоршаған ортаны қорғау бөлімі " Прибрежное кен орнының құрамында алтын бар кендерді ашық тәсілмен қазу жөніндегі тау-кен» жұмыстарының жоспарына ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr_krg@mail.ru танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-ша-

ралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн- режимде өткізіледі.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us05web.zoom.us/j/85426451626?pwd=f1LS5eoclKkC3Zp0daoGa9b6ZaW0I3.1>

Конференция идентификаторы: 854 2645 1626. Қолжеткізу коды: JsV4b7.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекен- жайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sevekosfera@inbox.ru және +77772588643.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Концерн «Эко-Регион СК» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нарманбет Төлепов к-сі, 5-құрылыс ЖСН 170840024881. тел.: +7 701 837 4598

Жобаны әзірлеуші: «Севэко-сфера» ЖШС, Петропавл қ-сы, Алтынсарина 168Б к-сі 306 каб, тел: 87772588643. эл.мекенжай: sevekosfera@inbox.ru.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

Кен орнының географиялық координаттары: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

Объявление

ТОО «Концерн «Эко-Регион СК», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 19 февраля 2026 года по адресу Карагандинская область, Актогайский район, село Тасарал, улица Ағыбай батыр дом 5, дом культуры, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания для получения комплексного экологического разрешения: проект НДВ, ПЭК, ПУО, проект обоснование технологических нормативов, Раздел охраны окружающей среды к «Плану горных работ по отработке запасов золото-содержащих руд месторождения Прибрежное открытым способом».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>.

В случае введения чрезвычайного положения

и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us05web.zoom.us/j/85426451626?pwd=f1LS5eoclKkC3Zp0daoGa9b6ZaW0I3.1> Идентификатор конференции: 854 2645 1626. Код доступа: JsV4b7.

Дополнительную информацию можно получить по адресу sevekosfera@inbox.ru и по телефонам + 77772588643.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Концерн «Эко-Регион СК»

Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Нарманбет Төлепов, строение 5 БИН 170840024881. тел.: +7 701 837 4598

Разработчик проекта: ТОО «Севэко-сфера», г. Петропавловск, ул. Алтынсарина 168Б, каб.306, тел: 87772588643. Эл.адрес: sevekosfera@inbox.ru.

Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район. Географические координаты территории воздействия: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

Географические координаты месторождения: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

Еске алу



Аяулы ұстаз, әріптесіміз **Максұтова Кәмила Мәжікенқызын** сағынышпен еске аламыз...

Сен арамызда жоқсың... Жылжып бір жыл өтті. Уақыт алға озғанымен, жүректегі сағыныш сәл де болса басылған жоқ. Керісінше, күн өткен сайын сенің жылы жүзіңе, мейірімге толы үніне деген аңсар арта түсуде. Біз сені сағынып жүрміз...

Жаныңда жүрген әр сәттің, әр сөзің мен әр ісіңнің қадірін енді ғана терең сезініп келеміз. Сіздің мейірімге толы нұрлы жүзіңіз, шәкірт жүрегін жылытқан жұмсақ үніңіз, әр балаға анадай қамқор болған кең жүрегіңіз біздің жадымызда мәңгі сақталады. Сіз бастауыштан бастап талай бүлдіршіннің қолынан жетектеп, әріп танытып қана қоймай, өмірдің алғашқы сабағын – адам болуды,

адалдықты, еңбекті сүйюді үйреткен ұлағатты ұстаз едіңіз. Сіз әр шәкіртіңіздің мінезін, жан дүниесін терең түсініп, жүрегіне жол таба білдіңіз.

Өмірден ерте өтсеңіз де, артта қалған ізгі ісіңіз, адамгершілік болмысыңыз, шәкірт жүрегіне екен шуағыңыз ешқашан өшпейді. Бүгінде шәкірттеріңіз Қазақстанның түкпір-түкпірінде түрлі салада абыроймен еңбек етіп жүр. Олардың әрбір жетістігі – сіздің маңдай теріңізбен, ақ пейіліңізбен суарылған еңбектің жемісі. Сіз – тек сабақ берген мұғалім ғана емес, жүрек тәрбиелеген Ұстаз болдыңыз. Сондықтан да сіздің атыңыз ел жадында, әріптестеріңіздің естелігінде, шәкірттеріңіздің тағдырында мәңгі сақталады.

Жаныңыз жәннатта болып, жатқан жеріңіз жарық болсын. Алла Тағала отбасыңызға, балаларыңызға, туған-туыстарыңызға сабыр берсін. Біз үшін сіздің жарқын бейнеңіз – әрдайым сағыныш, әрдайым үлгі.

Жаның жәннатта болсын, жарық ұстаз, Ізің қалды жүректе, мәңгі өшпес жаз. Сағынышпен еске алып тағзым етеміз, Есімің елмен бірге жасай бермек әрқаш.

Еске алушылар: Ә.Бөкейхан атындағы Тірек мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері.

Тлеубергенова Макбал Зекенқызы



Тлеубергенова Макбал Зекенқызы 62 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Зейнеткерлікке енді ғана шығып, бейнетінің зейнетін көретін шағында келген бұл тосын қаза әріптестерінің, жақын-жуықтарының қабырғасын қайыстырды

Макбал Зекенқызы 1971 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1981 жылы М. Горький атындағы қазақ орта мектебін тәмамдады. 1982 жылы РУС мекемесінде техник болып еңбек етті. 1983 жылы Балқаш медициналық колледжіне оқуға түсіп, 1985 жылы аталмыш оқу орнын сәтті аяқтады.

1985 жылдан бастап Ақтоғай аудандық аурухана-сында табан аудармай еңбек етіп, салаға 40 жылға жуық саналы ғұмырын арнады. Алғашқы еңбек жолын жұкпалы аурулар бөлімінде медбике болып бастап, 2003 жылдан Ақтоғай аудандық аудандық ауруханасының жедел-жәрдем бөлімшесінде диспетчер қызметін абыроймен атқарды.

Ол үлкенге – бауырмал, кішіге – қамқор, әріптесіне әрдайым демеу бола білген, адамгершілігі мол, жүрегі жұмсақ жан еді. Өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, сабырлы мінезі мен жайдары жүзінің арқасында ұжымның шынайы сый-құрметіне бөленді. Оның жарқын бейнесі мен адамдық асыл қасиеттері әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Әріптесіміздің мезгілсіз қазасы – баршамыз үшін орны толмас ауыр қайғы.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына, жақындарына қайғыларына ортақтасып, қайғырып көңіл айтамыз. Алла Тағала марқұмның жатқан жерін жарық, жәннатын нәсіп етсін

Ақтоғай аудандық ауруханасының ұжымы, кәсіподақ ұйымы.

Тлеубергенова Макбал Зекенқызы



Құрметті әріптесіміз, ардақты жан Тлеубергенова Макбал Зекенқызынан қапияда айырылып қалдық.

Өткен жылы ғана зейнеткерлікке шығып, ақ тілегімізді арнап, бейнеттің зейнетін көріңіз деп қуана құттықтаған едік. Амал не, тағдыр оған ұзақ ғұмырды жазбапты...

Әріптесіміздің мезгілсіз қазасы қабырғамызды қайыстырып, жүрегімізге орны толмас қайғы салды.

Атына заты сай Макбал – шын мәнінде мақпал мінезді, салмақты, сабырлы, айналасына әрдайым мейірім мен қамқорлық таныта білетін жан еді. Ол аудандық аурухана саласында қырық жылға жуық абыройлы еңбек етіп, адам өмірінің арасына бола жүріп, маңдай тері мен қажырлы қайратының арқасында халықтың шынайы алғысына бөленді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен, әріптестеріне тірек бола білген парасаты тұлға ретінде жадымызда мәңгі сақталады. Үзіліп қалған үміт, орны толмас қаза

Қош бол, аяулы әріптес, асыл жан. Жаның жәннатта, топырағың торқа болсын. Марқұмның отбасы мен ұрпақтарына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Алла тағала артында қалған жақындарына сабыр мен күш-қуат берсін.

Көңіл білдірушілер: Ақтоғай аудандық 103 жедел жәрдем ұжымындағы әріптестерің – Казтай ағатай, Нұрлан, Бағдат А., Жанагүл, Амантай ағатай, Зауре, Шара, Бағдат З., Есенкүл, Сәкен, Серікжан, Дәулет, Лайла, Айгерім, Ешон, Гүлназ.

* Мерей



Ана – атақсыз батыр

Ана жайлы ойды айтып тауыса алу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Мен де зейнетке шыққалы отырған анамның маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізгім келеді.

Бұл жолы мен анамды тілге тиек етемін. Алайда бұл мақала тек бір адамның өмір жолы туралы ғана емес. Бұл – адал еңбекпен, сабырмен, сыйластықпен ғұмыр кешкен барша аналарға деген құрмет.

Армандаған маман иесі болса ғана, үлде мен бүлдеге оралған отбасында дүниеге келсең ғана, аспанды айға шығарған атағың болса немесе есепсіз байлығың болса ғана бақыттысың деп ойласаңыз – қателесесіз. Өмірдің өзі бақыттың өлшемі басқа екенін көрсетіп келеді. Мен үшін оның айқын көрінісі анам – Гульнар Мусаханова. Аса елене бермейтін, ұлағатты ұстаз да, ғұлама ғалым да, бас маман да емес, менің анам – есепші.

Бала күнінде ақ халатты абзал жан боламын деп армандаған анам, қолынан жетектеп, қолтығынан демей-ақ, өздігінен барып есепші мамандығына оқуға түседі. Сол саланы жетік меңгеріп, біраз мекемеде адал еңбек етеді. Ағаштан жасалған есепшотпен санап, машинкада жазып жүрген анам, уақыт талабына сай заманауи бағдарламаларды да меңгеріп, қызметін мінсіз атқарып келеді. Мен ес білгелі ол мұражайда бас есепші болып қызмет жасайды. Саналы ғұмырында төрт баланы дүниеге әкеліп, үлкен өмірге жолдама беріп, қоса қызметін қатар алып жүріп, ауылдың сыйлы азаматшасына айналды. Бүгінде он төрт немеренің ардақты әжесі, Сәулебай әулетінің дана да дара ұйытқысы. Анамның өмірге деген көзқарасы отбасы тәрбиесімен де тығыз байланысты. Қуғын-сүргін құрбаны болған Мұсахан атамды анам ылғи «лагерь» деген сөзді айтпандар, жаман ол» дегенін еске алып отырады. Ал Шәмшия әкеміз болса, «өмірден өтіп кеткен әкеміз ақталды дегенде, тағы жиырма жылға соттап жібермейді ма екен» деген естеліктерін сабырмен баяндап отырады. Бұл әңгімелер бізге төзімділік пен шүкіршілікті үйретті.

Анамның өзі де өмірлік ұстанымын жиі айтып отырады: «Біз байлық жинамадық, маңайымызды доспен қаладық, сыйластықты сақтадық». Бұл – жылдар бойы қалыптасқан, бүгінге де, ертеңге де үлгі болатын қағида.

Қажырлы еңбегі еленіп, аудандық, облыстық марапаттарды иеленуі – сол еңбектің заңды жемісі. Анамды тілге тиек етіп, бас есепші ретінде ғұмырының бір бөлігін мұражай ісіне арнаған жан бүгін зейнетке шығып отыр. Жайдары жүзі, көркем мінезі, сабырлы болмысымен ауылдағы сыйлы азаматшалардың біріне айналған анамның өмір жолы – көптеген аналардың тірішілігінің көрінісі.

Жер бетіне жақсылық нұрын себетін аналарымыз аман болсын. Қай ананы алып қарасаңыз да – ол дәл менің анам сияқты атақсыз батыр дер ем. Оның батырлығы атақта емес, күнделікті еңбекте.

Міржақып Дулатов айтқандай, бізді сүйетұғын, күйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жан – ана. Қарапайым өмірден шынайы бақытты таба білген аналарымыз қартаймасын!

Ізгі құрметпен: қызыңыз – Маржан.

Құттықтаймыз!



Құрметті Раушан Жылқыбайқызы!

Сізді 60 жас мерейлі туған күніңізбен құттықтаймыз.

Ауыртпалығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір балаларыңыз абыроймен өрісінде үшін қызмет етіп, балапандарыңды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай,

ұяда түлетіп, қияға самғатып, білімді де мәдениетті азаматтар етіп қатарға қостыңыз. Арамызда аман-есен жүріп, немере-шөберелеріңіздің есейіп отбасылы болғанын көріп, төрінде дәл қазіргідей қуанып отыра беріңіз. Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Әр сәт сізге денсаулық, бақыт сыйласын.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған, Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан.

Бақытты өмір жетелеп, биіктерге

Көңіліңіз шаттансын қуаныштан.

Ізгі ниетпен: Дарияш, Мәрзия, Зайгул, Кәмишат, Айсұлу, Сәния, Гүлшара, Қарлығаш, Бақиа, Жанат, Саягул, Жанар, Назира, Нұрай, Айнұр, Гүлина.

Құттықтаймыз!



Құрметті Нұржанов Марат Манарбекұлы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өміріңіздің қырық жылға жуық уақытын жас ұрпақты тәрбиелеуге, оқытуға арнаған, нағыз ұстаздық жолдың ауыр да абыройлы жүгін көтерген білікті мамансыз. Сіздің сабағыңыздан

өткен талай шәкірт тәртіптілікке, отансүйгіштікке, төзімділік пен жауапкершілікке тәрбиеленіп, өмір жолына нық қадам басты.

Құттықтаймыз!



Аяулы ана, ардақты жар, немерелерінің сүйікті әжесі **Гүлнар Мұсаханқызын** зейнеткерлік жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!

Ұзақ жылғы адал еңбегіңіздің жемісін көріп, зейнетке шыққалы отырған сәтіңіз құтты болсын. Әкеміз екеуіңіздің адал да маңдай термен атқарған

еңбектеріңіз, сабырлы мінездеріңіз, қарапайымдылық пен биік адамгершіліктеріңіз – біз үшін өмірлік мектеп, мәңгілік өнеге.

Отбасының берекесін сақтап, қызмет пен күнделікті тіршілікті қатар алып, айналаңызға үлгі болып, ақыл-парасаттарыңызбен бағыт-бағдар көрсете білдіңіздер. Әрбір өткен күндеріңіз жауапкершілікке, мейірімге, еңбек пен төзімге толы болды. Сол еңбектің бәрі бүгін өз бағасын алып отыр.

Алдағы зейнеткерлік өмірлеріңіз шаттыққа, тыныштық пен берекеге толы болсын. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз әрдайым көтеріңкі болып, бала-немерелеріңіздің қызығын көріп, ұзақ та баянды ғұмыр кешулеріңізді тілейміз. Сіздерге деген құрмет пен алғысымыз шексіз!

Ізгі тілекпен: жарыңыз – Сәулебай, балаларыңыз – Нұржан-Фарида, Марлен-Маржан, Сержан-Келбет, Елдар-Айжан және немерелеріңіз.

Ұстаз ретінде де, азамат ретінде де сіз әрдайым үлгі бола білдіңіз. Қатаң талап пен әкелік мейірімді ұштастырып, жастардың бойына рух пен жігер, елге деген сүйіспеншілік ұялата алдыңыз. Сіздің еңбегіңіз – өлшеусіз, төккен теріңіз – ел игілігіне айналған шынайы қызмет.

Алдағы уақытта да деніңіз сау, еңсезіз биік болып, отбасыңыздың амандығын, бала-шаға, немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, абырой мен құрметтің төрінен көріне беріңіз. Ұзақ ғұмыр, тыныш өмір, мол береке тілейміз!

Қырық жыл қырағы боп қызмет қып,

Ұрпақ үшін тер төктіңіз ерен етіп.

Әскер мен спорт – өмірлік ұстанымыңыз,

Алтыста да абыройыңыз биік болып!

Ізгі ниетпен, жолдастарыңыз: Сана-Қарлығаш, Жанайдар-Жаухар, Өмірсерік-Жанат.

* Маман кеңесі

Қышыманың алдын алу

Қышыма-микроскопиялық қышыма кенесінен туындаған жұқпалы паразиттік тері ауруы, ол теріге еніп, қатты қышу мен бөртпе тудырады. Қышыманың асқынуы тері жараларының, сепсистің, жүрек және бүйрек ауруларының дамуы сияқты асқынуларға әкелуі мүмкін.

Қышыма бүкіл әлемде кең таралған, бірақ табысы төмен тропикалық аймақтарда ең кең таралған. Жұқтыру қаупі бар популяциялар-жас балалар.

Дүние жүзінде 200 миллионнан астам адам кез келген уақытта қышымамен ауырады және жыл сайын барлығы 400 миллион адам ауруды жұқтырады.

Қазақстан Республикасы бойынша 2024 жылдың өткен кезеңінде қышымамен сырқаттанушылықтың 35,4%-ға, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында-22,6%-ға өсуі байқалды.

Инфекция көбінесе науқаспен тікелей байланыста болғаннан кейін жұғады, сонымен қатар төсек-орын, киім, аяқ киім арқылы беріледі. Нәтижесінде науқаспен тығыз байланыста болған барлық адамдар емделуі керек. Қышыманың эпидемиялық ошағында (отбасы, жатақхана, балабақшадағы топ, мектеп сыныбы және т.б.) науқаспен байланыста болған барлық адамдар тексеріледі.

Толық емделгенге дейін балалар мекемелеріне баруға тыйым салынады. Қышыма кеңесі +50°C температурада 10 минут ішінде, қайнатылған кезде бірден өледі. Сондықтан ластанған теріге тиген барлық іш

киімдер мен заттар мұқият термиялық өңдеуден өтуі керек. Қайнату немесе жаңасымен ауыстыру керек. Жастықтар, матрацтар, көрпелер, сыртқы киімдер 5-7 күн бойы жақсы желдетілетін бөлмеге орналастырылуы керек. Ошақта тазалау, едендерді содамен және дезинфекциялау құралдарын косу арқылы жуу жұмыстары жүргізіледі.

Үй-жайлар мен тұрмыстық заттарды мұқият өңдемеу қайталама инфекцияға әкелуі мүмкін, сондықтан емдеудің сәттілігі тек дәрілік препараттарды қолдануға байланысты емес.

Қышыма ауруына шалдықпау үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

- жеке іш киімдер мен төсек-орындарды, киімдерді, сүлгілерді пайдалану;
 - үнемі жуынып отыру, кір киімді міндетті түрде ауыстыру, кірді ыстық сумен жуып, үтіктеу;
 - басқа адамдардың моншаға арналған құралдарын, іш киімдерін, киімдерін, ойыншықтарын және т. б. пайдаланбау;
 - қолды, тырнақты үнемі таза ұстау;
 - тұрғын үй-жайларды үнемі тазалап отыру;
 - моншаларда белгіленген санитариялық режимді сақтау.
- Жеке гигиена шаралары мен гигиеналық ережелерді сақтай отырып, сіз өзіңізді және жақындарыңызды ауруды жұқтырудан қорғай аласыз.

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ.

Құрылтайшысы: «*Aqtogai aяary*»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: **Нұрдәулет Ақторғай.**

Меншік иесі: «*Aqtogai aяary*»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(*күәліктегі ресми атаумен келісілген*)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу күәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.